

тық идеяларды игеру мүмкіндігі ескерілген мақсаттар мен қызметтер кешені, екіншіден, оқу орындарында, ЖОО тыс және қоғамдық ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында патриоттық тәрбиенің мазмұны мен түрі енеді /5; 49–51/.

Сонымен, жоғарыда айтылып кеткен принциптерді қарастыра келе, студенттер ұжымында студенттер арасындағы өзара қарым-қатынастарды реттейтін, олардың әрекеттері мен қылықтарына, ұжымның өзіндегі адамгершілік-патриоттық микроклиматқа әсер ететін қоғамдық пікір қалыптасады. Бірлескен ұжым, әрбір студенттің ішкі дүниесі ашылатын өмірлік маңызды орта болып табылады. Ұжымда үздік патриоттық және қоғамдық мүдделердің үйлесуі қалыптасуы мүмкін. Біріккен және дамыған ұжым студенттерді патриоттық тәрбиелеуде белсенді күш болып саналады.

Патриотизмді тәрбиелеу процесінде студенттерде қажеттілік пен осы қасиетке байланысты оң мотивтерді қалыптастыру мен дамыту басты орын алады.

Бәрінен бұрын, студенттерде туған өлкесі туралы білімді және өздері туып өскен жерге, жарқын эмоциялық күйзелістерге толы туған жеріне деген шын берілгендік сезімін қалыптастыру керек. Осылайша, тұлғаның қалыптасуы мен орнығуына байланысты жалпы тәрбие беру процесінің бір бөлігі болып, патриоттық тәрбие жастардың әлеуметтік және рухани толысқан деңгейін ескертетін қоғам ерекшеліктері мен қажеттіліктерінде барынша адекватты көрініс табатын әдістер, формалар, құралдардың кешенділігі мен жүйелілігінің үйлесімін ұсынады.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік жастар саясаты туралы сөйлеген сөздері «Этносаралық келісім – қазақстандық толеранттылықтың негізі» // Республикалық семинары. Астана, 2013 ж.

2 Патриоттық тәрбие беру моделі (ҚарМТУ тәжірибесінен). – Қарағанды, 2009.

3 Абдрашитова Т.А., Оспанова Я.Н. Азаматтардың патриоттық тәрбиесі бойынша озық тәжірибе: әдістемелік құрал. – Астана, 2009.

4 Жаманбалаева Ш.Е., Сәрсенбекова Г.Ә., Тәжібаева Т.Л. Тәрбие үдерісіндегі куратор – әдвайзердің рөлі мен қызметі: Студенттік топтарда тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар. – Алматы, 2011.

5 Ғазалиев А.М., Есім Ғ., Ферхо С.И., Бұрханов К.Н., Матвеевкова Л.Г. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру: теория және практика. – Қарағанды, 2009.

#### ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

*Жумабаева С.Б., Абдрахманова Ж., Фазылова Г.,*

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Көп ұлтты Қазақстанды дамытудың маңызды этикалық және демократиялық қағидалары жастардың бойына рухани-адамгершілік тәрбиенің қасиетін дарыту болып табылады. Қоғамдағы өзгерістер салдарынан белгілі болған үрдістер жас ұрпақ өкілдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесіне кері әсер етеді. Дүниетанымның өзгерістеріне бейім тұрғындардың ең белсенді бөлігі ретінде жастарды қоғамда және елімізде болып жатқан түрлі үдерістерден сақтап, құндылыққа бағдарлау қажет. Міне сондықтан болашақ педагогтарды оқытуда тәрбие жұмысы әр бағытта жоспарланып тиіс

Кафедраның тәрбие жұмысы келесідей принциптерді басшылыққа ала отырып құрылады:

- ғылымилық, жүйелілік, тәрбие жұмысының сабақтастығы және үздіксіздігі;
- студент жастардың құқықтары мен бостандығының сақталуы;
- оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығы, оқудың өмірмен және қоғаммен байланысы;
- жынысына, ұлтына, әлеуметтік жағдайы мен жасына қарамастан барлық студент

жастарды жалпылай қамту;

– тәрбие жұмысының жеке және топтық түрлерімен жұмыс.

Мазмұны мен өткізу түрлері бойынша әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуы тиіс: бірінші курс студенттерімен жиналыстар, шығармашылық бірлестіктердің презентациялары, қаланы көгалдандыру жұмыстары және қоғамдық, мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесулер. Дәстүрлі атаулы күндерге, мемлекеттік мерекелерге, маңызды қоғамдық-саяси оқиғаларға ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары, ғылыми-практикалық конференциялар, жастар флэш-мобы, дөңгелек үстелдер, пікірталас турнирлары, оқу топтарындағы жетекшілік сағаттар, көркемөнерпаздар байқаулары, сайыстар зор адамгершілік жауапкершілігін қалыптастырады және қоғамның рухани бірлігін күшейтеді. Жастар саясатын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар аясында студенттер түрлі іс-шараларға қатысады /1/.

Тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты: рухани дүниесі бай, денсаулығы мықты, жоғары азаматтылығы гуманизммен ұштасқан, әлеуметтік тұрғыда белсенді, шығармашылықты, инновациялық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерге қабілетті ХХІ ғасырға лайықты, елін сүйген патриот тұлға қалыптастыру мен дамытуға жағдайлар жасау. Бұл болашақ студент жастар бойында университеттің дәстүрлерін құрметтеуге; азаматтық және патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен сенімдерді қалыптастыруға; мемлекеттің Рәміздері – Қазақстан Республикасының Елтаңбасын, Туын, Гимнін құрметтеп және қастерлеп қарауға қалыптастырады. Студент жастарды азаматтылық және отансүйгіштік, Отанға деген құрмет рухында тәрбиелеу мақсатында «Желтоқсан құрбандары», «Өнегелі ата», «Біз Отан ұлдарымыз», «Әлемнің жеті кереметі», Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттауға арналған тәлімгерлік сағаттар, тақырыптық кештер, дөңгелек үстелдер өткізілуі тиіс /4/.

Сонымен қатар қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету. Осы мақсатта денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шаралар жүргізілді. Оқу жылы ағымында факультеттер арасында 1 курс студенттерінен құралған командаларда волейболдан жолдастық кездесулер, қыздар және ұлдар арасында 100, 500 және 1000 метрге кросс өткізілді. Денсаулық күні аясында тағы бір іс-шара, институттың барлық студенттері денені шынықтыру жаттығуларын жасап, флешмоб ұйымдастырылды. Барлық топтарда «Дені саудың – жаны сау» атты куратор сағаттары жоспарлануда /2/.

Экологиялық тәрбие жастардың – табиғатқа жаңаша көзқарасын қалыптастырып, әр түрлі нысандарда жүргізіліп, жеке тұлғаның эмоциялық сезімдік әлемін қалыптастыруға бағытталып, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін жетілдіреді деген сеніммен студенттер арасында сенбіліктер ұйымдастырылуда. Қаламыздың әкімі бекіткендей әр аптаның бейсенбісінде қала халқымен бірге институтымыздың барша студенттері қаланы көркейтуге ат салысуда. Мұндай іс – шаралар жастардың бойында экологиялық тәрбиені қалыптастыруда маңызды орын алады деп ойлаймын.

Сондықтан «Тілге құрмет, елге құрмет мемлекеттік тіл қайтсе көркейеді», «Ислам дінінде дос таңдаудың маңыздылығы» Жастар арасында діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған кураторлық сағаттар, «Ұлыстың ұлы күні», «Ананы құрметтейік», 1- мамыр Халықаралық ынтымақ күніне арналған мерекелік концерттер мен ашық тәрбие сағаттары жүргізілмек. Жоспарлы түрде кафедрамызда 22 қыркүйек күні физика және математика 2 курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Тілге құрмет, елге құрмет мемлекеттік тіл қайтсе көркейеді» атты іс-шаралардың жастардың қалыптасуына ықпалы зор. Студенттер өз ойларын ортаға салды. Мысалға студенттердің қарым - қатынас мәдениетін және әлеуметтік маңызға ие қасиеттерін қалыптастыруға жас таланттарды қолдау мен дамытуға бағытталған «Студенттік өмір – игі өмірдің бастауы» атты бірінші курс студенттерімен танысу кешін атап өтуге болады. Кеш жоғары курс студенттерінің басшылығымен жүргізілді. 1 курс студенттерімен таны-

сып, бұлбұлдай сайраған әншілер, мың бұралып билеген бишілер, көтеріңкі көңіл күй сыйлаған жайдарманшылар өнерлеріне тәнті болдық. Жоғары оқу орнына жаңа келіп түскен жастарға болашақ студенттік өмірге қызыға қарайтындай тәрбиелі мәндері көп болды /3/.

«Ядролық қаруға қарсы әлем» тақырыбында жүргізілген іс-шараның мақсаты – қазіргі заманды толғандырған мәселелердің бірі ядролық қаруға қарсы студенттерді тәрбиелеу, экологиялық апаттардың алдын алу, өзге мемлекеттер арасында келеңсіздік тудырмау. Кеш институтымыздың ф-м.ғ.к., доценті, ХАА академигі, профессор, жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің деканы Үмбетов Әбілхан Үмбетұлының дәрісінен басталды. Дәрісте әлемдегі ядролық қарудың зардабы, адамзатқа тигізген зияны туралы баяндады. Ядролық қарудың Чернобыль АЭС-ғы, Жапониядағы 1945 жылғы Хиросимо, Нагасаки қалаларындағы атом зардабы және Қазақстандағы Семей полигы, ядролық сынақтар өткізілген аймақтар мен Байқоңыр ғарыш айлағының халқымызға тигізген зияны мен экологиялық жағдайы туралы жеке жеке тоқталып өтті. Қазақстанның атом өндірісін дамытуда орасан зор мүмкіндікке ие екендігін айта отырып, еліміздегі бейбіт мақсатта атом энергиясын дамыту туралы сөз қозғады. Студенттер ядролық қаруға байланысты өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, қанағаттанарлықтай жауаптармен қанықты. Дәрістен соң атом жайында бейнебаян көрсетілді. Бейнебаяннан студенттер атом жайында, ядролық қару және атом энергиясын пайдалану жайында қажетті мағлұматтармен танысты. Міне осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралардың жастардың бойында патриоттық сезімнің болуына ықпалы зор.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Насимов М.О. Жоғары оқу орнындағы тәрбие жұмысын дамытудағы басым бағыттар / М.О. Насимов, Д.А. Саткенов // Молодой ученый. – 2014. – №1, №2. – С. 67–68.
- 2 Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2009.
- 3 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәрбие жұмысы тұжырымдамасы. – <http://www.kazn.u.kz/ru/1941>.
- 4 Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://ru.government.kz/docs/u060200-2.h>.

#### ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН

*Жумабаева С.Б., Амиров М.С.,*

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

*Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған - туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.*

*Н.Ә. Назарбаев*

"Ұл тәрбиелеп отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз" – деп белгілі философ Платон айтқандай бүгінгі күнгі әр педагогтың басты мақсаты жақсы маман болу мен қатар адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын білуге үйрету. Адамгершілік қасиеттерге бағыттай отырып, студенттердің рухани білімін байыту болып табылады. Қазіргі кезде ел болашағы – жастар, "Қазақстанның келешегін көркейтетін білімді ұрпақ" – деген сөздерді жиі еститін болдық. Әлбетте, қай халықтың да болмасын, мемлекеттік даму стратегиясында жастарға, жас буынға, олардың тәрбиеленіп, ортаға сай озық білім игеріп шығуына баса назар аударылуда. Бүгінгідей ақпарат пен техниканың дамуының шарпыған заманында, оқуға, ғылымға, тәжірибеге сүйеніп, тәрбиелілік жетістіктерге иек артқан дұрыс-ақ. Алайда жастардың саналы